

Е.С.Аяған, Қ.И.Садықов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: aman_amanbetov@mail.ru)*

Патшалық Ресейдің «бұратана» халықтарға, оның ішінде қазақтарға бағытталған білім беру саясаты

Мақалада патшалық Ресейдің «бұратана» халықтарға, оның ішінде қазақтарға бағытталған білім беру саясаты туралы айтылған. Авторлар осы білім беру саясатына Екатерина II тұсында шекаралас казак жерлерінде әр түрлі мектептердің оқу-тәрбие мазмұнына сипаттама берген. Оның ішінде мешіт жанында мұсылман мектептер мен медреселер ашылып қалыптасуына тоқталған. Онда білім алған казак балалары ресей оқу орындарында оқуын жалғастыруына жағдай жасалғаны туралы кеңінен сөз болған. Сондай-ақ Бөкей Ордасындағы Жәңгір ханның жаңа тенденциядағы мұсылмандық білімнің дамуына себеп болып ықпал еткеніне талдау жасалған.

Кілт сөздер: патшалық Ресей, Қазақстан, Бөкей Ордасы, Жәңгір хан, ислам мәдениеті, тәрбие, казак этносы, мектеп, білім беру, оқыту, ағартушылық, оқу орындары.

XIX ғ. басында казак билеушілердің балалары Ресей оқу орындарында оқыды. Осындай оқу орнының бірі — Омбыдағы Азиялық мектеп. Бұл оқу орнының түлектері шекаралас әскери губернияларда және Сібір облысының казактарының басқармаларында жұмыс істеді. Оған қоса Ресей осы мектепті бітірген түлектерді Қазанға, Петерборге, тағы басқа әскери оқу орындарына жіберіп отырды. Азия мектебінің бағдарламалары теориялық білімді практикамен байланыстыруға мүмкіндік беретіндей көп вариантты болды. Онда татар, казак және т.б. тілдерді үйрету мамандықтарға байланысты болды. Оған қоса Омбы Азиялық мектебінде құдай заңдары (христиан) оқытылып, орыс тілі, география және Отан тарихы, әлем тарихы, математиканың алғашқы негіздері енгізіліп, оқытылды [1]. Осы мектепті бітірген казак жастарына — түлектерге Ресей империясына қызмет ету үшін мектепте өз тілінде оқуға мүмкіншілік жасалды. Болашақ казак билеушілерін орыс мәдениеті, оқу-тәрбиесі негізінде оқытып, Ресей империясына қызмет етуді міндеттеді. Оған қоса казак балаларын христиан дініне енгізу әрекетін осы мектептің оқу бағдарламасынан көреміз. Казак балаларының мұсылман мектебінде оқып келуі христиандық шоқындыру саясатының сәтсіз болуының бір себебі болды. Мұндай ұлттық рух, имандылық казак баласының бойында қалыптаспаса, бірден орыстық мәдениетті, орыстық рухтағы оқу тәрбиені сана-сезіміне, бойына қабылдар еді. Отарлау әкімшілігі интернаттағы казак балаларын орыстандырып, шоқындыруды күштеп, ашық жүргізуге әрекет жасады, бұл казак ата-аналар арасында наразылық тудырып, интернатқа балаларын оқуға жіберуден бас тартқызды [2]. Айта кететін басты жағдай — орыстандыруды, орыстық білімді, шоқындыруды балалар өз еркімен қабылдайтын болса, ата-аналар өз тарапынан ештеңе істей алмайтын еді.

XVIII ғасыр басында ішкі және сыртқы саясатта білім мен ғылым саласын өз қолына алған өкіметтік мекемелер болған жоқ. 1782 жылы II Екатерина өкіметі елде білім басқармасының барлығын бір органға біріктірді. Бұл үшін комиссия азаматтық және әскери білім жобасын жасаумен және оны енгізумен айналысты. Бұл комиссияның негізгі міндеті — жаңа білім жүйесін жасап шығару. Мемлекет тарапынан XVIII ғасырда жасалған жоғарғы білім жүйесін құру әрекеті жетістіктер әкеле қойған жоқ. Өйткені жергілікті басшылар білім мен ғылым дамуына мән бергенімен, оқу құралдары мен мұғалімдер жетіспеді [3]. Ең бірінші оқу орнында Сібір және Орынбор өлкесінің «бұратана» халықтарының балалары (казак, башқұрт, татар, бұрят, казак) пансионда жатып оқыды.

1758 жылы 1-ші Қазан гимназиясының негізі салынды [4]. Ол гимназияда шекаралас аймақтардағы ұлттар балаларына білім беру көзделді. Ресей империясының саясатын болашақта іске асыратын осы балалар деп білді. Олардың білім алуына жағдайлар жасалды, көптеген жеңілдіктер берілді. Ұлттарды бір орталыққа біріктіру, олардың арасында бір-бірімен ынтымақтастық, достық қарым-қатынастар қалыптастыру саясаты жүргізіле басталды. Халықтардың барлық мәдени

байланыстарын оқу орындары арқылы іске асырылмақшы болды. Ресей империясында барлық халықтың бірлігін сақтау, ұлттар арасында ынтымақтастықты, тұрақтылықты, ұлтаралық татулықты қамтамасыз ету ІІ Екатерина берік ұстанған басты саясат болды.

Ресейде орыс емес халықтар үшін мектепті құру әрекеті, ана тілінде оқыту, оқу орындар үшін ана тілдерінде оқулықтар мен оқу құралдары дайындау туралы XVIII ғасырдың құжаттық деректері мұрағаттардан көптеп кездеседі. Ресейде тұрып жатқан «бұратана» халықтарға оқу мен білімді тарату тәсілдері туралы арнайы бөлім болған [5].

Барлық ұлттық мектептердің басты міндеті барлық орыс емес халықтарды орыс тіліне оқыту болды. Кейінірек орыс емес халықтар үшін көрсетілген шарттар мектептерде барлық заңдық актілерде сақталды [6]. ІІ Екатерина отарлап алған қазақ жерінде Ресей үлгісімен саяси, экономикалық-әлеуметтік және мәдениетті дамыту қажет деп есептеді. Осыған сәйкес Ресей империясы ағарту саласындағы реформасын жүргізгенде «бұратана» халықтарға бағытталған білім беру жүйесін жасауды да қолға алды. Бірақ «бұратана» халықтарға арналған білім беру саясаты кейбір жерлерде үстірт орындалды. Қазақ балаларының кез келген уақытта ана тілінде білім алуын толық оқу базасымен қамтамасыз етпеді.

Қазақ жерінде орыс-қазақ мектептері пайда болғаннан бастап оқыту ана тілінде жүргізілді, ана тілі оқу пәні ретінде оқылды. Қазақ тілі орыс алфавиті негізінде оқытылды. Қазақ мектептерінде ана тілінде жазылған оқулықтар пайдаланылды, оқу орындары үшін арнайы оқулықтар жазылды. Осы орыс-қазақ мектептерінде бірден тездетіліп дыбысты оқыту әдістері, жазу тәсілдері пайдаланылып оқытылды. Орыс-бұратаналар мектебінде ана тілінде оқытудың ерекшелігі болды. Әліппе мазмұнында көрнекілік болмады, сабақ барысында әр түрлі түстегі көрнекілік оқу құралдары өте сирек пайдаланылды. Орыс тілі жаттанды әдістермен оқытылды. Жалпы білім теориясы ғалым-педагогтардың басшылығымен жасалғанымен, бұл орыс-қазақ мектептерінің іс-әрекетіне оқытудың формалары мен әдістеріне жеткілікті ықпал еткен жоқ. Шындығында, орыс-қазақ мектептерінде «таза» аудару әдістерінің түрлері болған жоқ. Қазақ, татар, башқұрт, тағы басқа мектептерде мұғалімдер орыс тілін оқыту кезінде оқыту әдістерін пайдаланды, бірақ оларды тек көрнекілік аудармалар деп атаған дұрыс болады [7]. Патшалық Ресей отарлау саясатын «бұратана» халықтарда тезірек жүргізу үшін бірінші кезекте орыс тілін оқыту әдістері пайдаланды.

Қазақ балаларына орыс тілін үйретіп, орыс мәдениетімен таныстырып, орыстық рухтағы оқу-тәрбие беріп, орыстандыру саясатын бірте-бірте білім саласында кең тарата бастады.

Осы кезеңде тарихи процестерден белгілі қазақ жерлері Ресей империясының әлі де толық отарына айнала қойған жоқ еді. Сондықтан ІІ Екатерина Ресей империясының территориясын кеңейту, «бұратана» халықтарды тезірек отарына айналдыру үшін үлкен қадамдар жасады.

ІІ Екатерина Ресей империясында ағартушылық реформалар жасады. Ресейдің білім мен ғылым жүйесін еуропалық жаңа үлгіде құрды. XVIII ғасырдың екінші жартысында ІІ Екатерина Ресей империясында «Жаңа еуропалық білім мен ғылым жүйесін» енгізіп, жаңа прогрестік (өрлеу) жолына қадамдар жасады. Соның бірі 1782 жылы «Училищелер мекемелері туралы» комиссиясының құрылуы. Оның ғылыми консультанты (ақылшысы) Австриядан келген сербтік әйгілі педагог және прогрессивті көзқарастағы адам Федор Иванович Янкович болды. Осы ғалымның басшылығымен және бірқатар университет профессорымен бірігіп, Ресейдің оқу орындарында білім беру жүйесі қалыптасты. Оған қоса мұғалімдер кадрларын даярлау және оқу-құралдарын, әдістемелер жасау ісі қолға алынды. Осыдан кейін «1786 жылы Ресей империясының халық училищесінің жарғысына» сәйкес әрбір губерниялар мен қалаларда бірден төрт кластық халық училищелері мен мектептерін аша бастады [8]. Осы кезеңнен бастап Ресей империясының өзі прогрессивті жаңа білім мен ғылым жүйесіне бет бұрды. ІІ Екатерина білім мен ғылым саласында реформа жасауына «еуропалық жаңа білім жүйесі» тікелей ықпал етті. ІІ Екатерина ағартушылық реформамен атақты Еуропа ғалымдарының басшылығымен Ресей империясында «еуропалық жаңа білім мен ғылымның» прогрессивті жүйесін жасады және оны жергілікті аймақтарда, губернияларға, қалаларға таратты. Сонымен қатар «бұратана» халықтар арасында «еуропалық жаңа білім жүйесіне» сәйкес білім жүйесін қалыптастыра бастады. «Еуропалық жаңа білім жүйесі» алғаш рет Ресей арқылы қазақ жерімен шекаралас губернияларда жүзеге аса бастады.

Содан патшалық Ресейдің ықпалымен жаңа білім жүйесінің алғашқы іргетастары қаланды, оны қазақ жеріне енгізуге алғашқы қадамдар жасалды. II Екатерина «бұратана» халықтар арасында ағартушылық реформасын енгізіп қалыптастыруда төмендегі міндеттер қойылды:

1) Ресей империясын отарлау саясатын, ұлттарға бағытталған саясатында, басқа да патшалардың саясатына қарағанда, ағартушылық отарлау жолын таңдау;

2) II Екатерина XVIII ғасырдың екінші жартысында отарлау жолдарын ағартушылық арқылы қызмет ете отырып, отарланушы халықтар көңілін рухани байлық арқылы жаулап алу;


3) Ресей империясының отарлау саясатын жүзеге асыратын оқыған қазақ жастарын дайындау;

4) отарлаған халықтарды Ресей өз білім жүйесінің негізінде орысша оқып тәрбие алуға, әсіресе орыс-қазақ мектептерін, оның ішінде «бұратана» халықтарға бағытталған ерекше орыс тілін оқыту әдістерін жасау.

Енді қазақ жеріне ағартушылық реформасы арқылы енудің алғышарттарын туғызып, одан әрі қазақ жеріне енгізуге үлгермеген әрекеттері болды. Оның ең басты себебі — Ресей империясы отарлаған, қазақ елін саяси, экономикалық және мәдени, әскери салаларын дамыту үшін оқыған мамандардың болмауы. Ресей империясының барлық жерлерінде, губернияларында, әсіресе жаулап алған қазақ жеріндегі шекаралас губернияларда, орыс-қазақ мектептердің, орыс тілін оқытудың мемлекеттік деңгейде қажеттілігін тудырды. Сондықтан қазақтар үшін ашылған мектептер, оқу орындарында қазақ балаларын оқыту Ресейге қажет болды. II Екатерина екінші басты идеясы — енді осы мектептерге, оқу орындарына қазақтарды тарту үшін өз ана тілінде оқып тәрбие алуына жағдай жасау, оған қоса қазақ халқына қызмет ете отырып, өзінің қажеттілігін жүзеге асыру. Осы туындаған қажеттіліктерге қазақ балаларын ынталандырып, маман кадрлар болып шығуына жағдай жасаған. Нәтижесінде осы даярлаған маман кадрлар Ресей империясының отарлау саясатына қызмет ететінін жақсы білген. Өйткені даярлаған мамандар — орыстық рухта оқу-тәрбие алған қазақ жастары өз еліндегі саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдениет дамыту үшін қызмет атқарып, Ресей империясының мемлекеттік саясатына сәйкес жүзеге асыратынын өте түсінген. Оған қоса қазақ халқының арасынан шыққан қазақ жастары арқылы отарлау саясатын жүзеге асырып, оған қоса білім беру жүйесін насихаттау қажет болды. Ресей империясы үшін отарлау саясатын қазақ жастары арқылы іске асыру оңай болатын. Сондықтан қазақ балаларын оқытуға қажеттілік туып, білім беруге Ресейдің құлшынысы жоғары болды. Ресей империясының «бұратана» халықтарға бағытталған білім беру саясатын қалыптастырудағы басты себеп — Ресей империясының қажеттілігінен туындаған мәселелер (проблемалар) деп түсіну тарихи шындық.

XVIII ғасырдың екінші жартысында II Екатерина ағартушылық реформа нәтижесінде «жаңа еуропалық жүйесін» Ресей империясы жаулап алған қазақ жеріндегі губернияларда қазақ тіліндегі мектептерде жүзеге асырумен шектеліп, өз нәтижелерін бергенін айтқан жөн. II Екатерина ағартушылық реформасы нәтижесінде білім саласының көптеген өзекті мәселелері шешілген. Алғаш рет қазақ халқына бағытталған білім беру саясаты жүзеге асырылған. II Екатерина білім саласындағы реформалары Бөкей Ордасындағы мұсылмандық білімнің дамуына өз ықпалын тигізді. Өйткені патшалық Ресейдегі «бұратана» халықтарға, оның ішінде қазақ халқына бағытталған мешіт жанындағы мұсылман мектептері мен медреселер құрудағы II Екатерина идеялары Жәңгір ханның мұсылмандық білім саласының жаңа тенденциядағы мектептерді құрына әсер етті. Осы кезде оқу базасын нығайту үшін II Екатерина жарғылары шығып, жобалар жасалынды. Оған қоса патшалық Ресейде II Екатерина басшылығымен жаңа еуропалық сыныптық жүйе енгізіліп, қазақ жерімен шекаралас Ресей губернияларында, Орынборда, Омбыда, тағы басқа қалаларда қазақ балаларын оқыту ісі ұйымдастырылды.

Бұл оқу орындарында қазақ балалары қазақша оқып, білім алды. Қазақ тіліндегі оқулықтар, оқу құралдар, көрнекілік құралдар Қазан қаласында шығарылды. Сондықтан Жәңгір ханның Бөкей Ордасындағы алғашқы сыныптық қазақ-орыс мектептердің құрлуына, одан әрі дамуына II Екатерина жаңа еуропалық үлгідегі мектеп пен училищелердің даму процесіне сүйеніп жасалды. Осыдан II Екатерина ағартушылық реформасының нәтижелері Бөкей Ордасындағы ұлттық білім жүйесінің дамуының алғышарттарының бірі деп айта аламыз (сур. қара).



Сурет. Патшалық Ресейдің «бұратана» халықтарға бағытталған білім беру жүйесі

Қорыта келе, патшалық Ресейдің «бұратана» халықтарға бағытталған білім беру саясаты оларға екі бағыттағы білім беруді көздеді. Бірінші бағыты — оларға діни білім беру. Бірақ ағарту саласының бұл бағыты негізінен шығыстағы шеткері аймақтардағы халықтардың өз бастамасымен, өз қаржысымен іске асырылды. Мұсылмандық-діни білім беруде патша үкіметіне қарағанда мұсылман дін басылары, мұсылман қауымы көп мүдделі болды.

Патшалық Ресей шығыстағы «бұратана» халықтар үшін арнайы училищелер ашты. Оларда оқыту процесі Ресейдің өзінің ішкі аймақтарында ұйымдастырылған төменгі деревнялық училищелер мен төменгі қалалық училищелердің бағдарламаларына сәйкес ұйымдастырылды. Сол оқу орындарын ұйымдастыру тәжірибесі кейіннен Қазақстанның өзінің ішінде мектептер ашқанда кеңінен пайдаланылды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Тоскужина А.Б. Развитие города Омска как центра политических хозяйственных и культурных отношений в Степном крае: Дис. ... канд. ист. наук. — Алматы, 1997. — С. 49.
- 2 Павлова Г.Е. Организация науки в России. — М.: Наука, 1990. — С. 17–19.
- 3 Владимиров В. Историческая записка 1-й Казанской гимназии. — Казань: Университет, 1867. — С. 11.
- 4 Очерки истории СССР: XVIII век. — М.: Наука, 1962. — С. 256–257.
- 5 ҚР Орталық мемлекеттік мұрағаты. — 4 қ. — 1 оп. — 42-іс. — 103–105-б.
- 6 Блармберг И.Ф. Военно-статистическое обозрение земли киргиз-кайсаков внутренней Букеевской и Зауральской (Малой) Орды. — Оренбург: Наука, 1848. — С. 25.
- 7 Ақтаев С. Фатима тоташ // Ақиқат. — 1998. — № 10. — 72-б.
- 8 Машимбаев С.М. Казахско-русские связи в первой половине XIX века (на материалах младшего жуза): Дис. ... канд. ист. наук. — Алма-Ата, 1985. — С. 113.

Е.С.Аяган, К.И.Садыков

Политика царской России, направленная на образование «инородцев», в том числе казахов

В статье рассмотрены вопросы политики царской России, направленной на образование инородцев, в том числе казахов. Также даны сведения об образовательной политике при правлении Екатерины II, об учебно-воспитательном процессе в приграничных окраинах казахских земель, об открытиях мусульманских школ и медресе при мечетях. Отмечено, что были созданы все условия, чтобы после окончания указанных выше школ ученики могли продолжить обучение в учебных заведениях России. Определено, что все это повлияло на развитие новых тенденций в религиозном образовании при Жангирхане в Букеевской Орде.

Ye.S.Ayagan, K.I.Sadykov

Tsarist Russia policy, aimed at the formation of «foreigners», including kazakhs

The article deals with the teaching policy of Russia's reign directed to foreign people including the kazakh. In this article the content of education and upbringing is mentioned in different schools in the period of reign of Ekaterina II on Kazakh lands. Among them, the speech is going about the formation of Muslim schools and madrasahs near the mosque. It was informed that Kazakh learners which are taught in these schools may continue their education in Russian educational institutions. It is analyzed that in these Russian schools Zhangir khan of Bokei horde influenced «The development of Muslim education in new tendency».

References

- 1 Toskuzhina A.B. *A development of the city of Omsk as center of the political economic and cultural relations in steppes: Dis. ... cand. of historical sciences*, Almaty, 1997, p. 49.
- 2 Pavlova G.Ye. *Organization of science in Russia*, Moscow: Nauka, 1990, p. 17–19.
- 3 Vladimirov V. *Historical note of the 1st Kazan gymnasium*, Kazan: University, 1867, p. 11.
- 4 *History USSR sketches: XVIII century*, Moscow: Nauka, 1962, p. 256, 257.
- 5 *Central state archive of the Republic of Kazakhstan*, к. 4. оп. 1, ic 42, p. 103–105.
- 6 Blarmberg I.F. *Military and statistical review of the earth internal Bukeyevskiy's Kyrgyz-kaysakov and Trans-Ural (Small) Horde*, Orenburg: Nauka, 1848, p. 25.
- 7 Aktayev S. *Akikat*, 1998, 10, p. 72.
- 8 Mashimbayev S.M. *The Kazakh-Russian communications in the first half of H_H of an eyelid (on materials of a younger zhuz): Dis. ... cand. of historical sciences* Alma-Ata, 1985, p. 113.